

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Сарқант шаруашылық есептегі жөндеу 72-учаскесі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 тамыздағы N 858 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Сарқант шаруашылық есептегі жөндеу 72-учаскесі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) оған "Жетісумелиосервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Кәсіпорынның Жарғысын бекітуге енгізсін;

2) әділет органдарында Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы